

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1436 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы
жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қолданысқа енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

2-бап. 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай заң актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1. "Ұжымдық шарттар туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 442-құжат).

2. "Ұжымдық шарттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 4 шілдедегі қаулысы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 423-құжат).

3. "Ұжымдық еңбек даулары мен ереуілдер туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 8 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 13, 264-құжат).

4. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат).

5. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10

желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24 , 1069-құжат).

6. "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 409-құжат).

7. "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 3-4, 17-құжат).

3-бап. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен сәйкестікке келтірілсін.

Қазақстан Республикасының заңдарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен сәйкестікке келтірілгенге дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті